

● Жолдау жүктеген міндет

«Халық үніне қулақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – бұл ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халықына арнаған Жолдауына арқау болған негізгі бағыттардың бірі. Мемлекет басшысының бұл тұжырымдамасы қалың ел тарапынан қолдау тауып отыр. Иә, билік бұқараға барынша жақын болуы керек. Шенеуніктер алдына келген адамға шекесінен қарамай, қайта мәселесін жедел шешіп беруге үмтүлұлы тиіс. Президент Жолдауында айтылған пікірді, міне, осы екі ауыз сөзге сыйдыруға болады. Бізді қуантатыны, айтылған сөз іс жүзінде де біртіндеп жүзеге асып жатыр. Оған мысалды көтеп келтіруге болады.

Ең басты орында ел мұдаесі тұрады!

Ел Президенті Қ.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен еркендеуінің негізі» атты Жолдауында мемлекеттік институттардың рөлін ынғайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, халықтың түрмис сапасын жақсарту мәселелерін көнінен сөз етті. Жолдауда қазіргі өлеуметтік-экономикалық жағдайға жан-жақты терен талдау жасап қана қоймай, оның шешу жолдарын да көрсетіп берді.

Сонымен қатар, Жолдауда сот пен күккүйкорғай жүйесін жетілдірге, бизнесті дамытуға, қаржы ресурстарын дұрыс бөлуге, халыққа алеуметтік қолдау көрсетуге, ел аймақтары арасындағы тәңсіздікті жоюға және халықты толғандырып жүрген басқа да мәселелерге ерекше көніл бөлінген. Нәкты мысалдар көлтіріп, проблемаларды шешудің тиімді жолдарын да ұсынып отыр. Мысалы, «7-20-25» бағдарлама-сымен пәтер алу үшін көп балалы отбасының айлық табысы 320 мың тенгеден кем болмауы керек. Бұл табысы аз отбасылар пәтерге қол жеткізу қыын деген сез. Сондықтан осы жылдан бастап «Бақытты отбасы» атты жана бағдарлама ұсынылды. Осы бағдарлама негізінде жыл сайынғы пайыздық үстемеақы 2 және бастапқы жарна 10 пайыздан аспайды. Бұл ай сайынғы телемнің арзан болуына ықпал етіп, жағдайы орталау отбасылардың баспаналы болуына жол ашады.

Президент білім беру ісіне мемлекеттің да-
муындағы стратегиялық маңызға ие сала ре-
тінде қарап, окулықтардың сапасы, қала мен
ауыл мектептеріндегі білім берудің алшақтығы
сияқты мәселелерді орынды көтерді. Мемлекет
басшысы білім беру жүйесіне қасіптік бағдарлау
саясатын енгізуді, сол арқылы оны енбек на-
рынының сұраныстарына бейімдеуді тапсырды.
Сондай-ақ, жас мамандарды ауылға жіберудің
тетіктерін ойластыру керек екенін атап етті.
Жоғары оку орындары жұмысының сапасы мен
ғылыми-зерттеулердің тиімділігін арттыру
сепесін де назардан тыс қалдырмады. Мұнан
бөлек, Президент соңғы 5 жылда атаулы алеу-
меттік қемекті қажет ететіндер 77 мың адамнан
1,4 млн. адамға жеткенін және оған бөлінегін
қаржының 2017 жылдан бастап 17 есे ескенін
атап етті.

Еліміздегі қоғамдық көлісімді нығайту мен ултаралық байланысты жетілдіретін тіл мәселесіне де ерекше тоқталып, бұл жөнінде: «Еліміздегі этностық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай береміз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, үлтара-лық қатынас тіліне айналатын көзені келеді деп есептеймін. Бірақ, мұндай дәрежеге жету үшін беріміз данғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек» деді.

Осы терізді өзекті мәселелерді шешудің утымды жолдарын ұсынған Мемлекет басшысы енді Үкімет пен әкімдердің қызметі негізінен халықтың тұрмысының жақсартуға қосқан үлесі бойынша бағдарламаттың ескертті.

бомбынша бағаланатының ескерти.

Жолдаудың тағы бір көңіл қуантарлық тұсы, ол – Президенттің қоғам мен биліктің өзара ықпалдасқан іс-қимылының маңызды екеніне екпін беріп, азamatтарды ашық диалогқа шақыруы. Әрине, қалың елдің жүргіне жол табуда оңай емес. Ол ушін билік пен халық арасында ашық диалогқа құрылған алтын жаңір

болову керек. Осы жағына көбірек көңіл белгендегі Қасым-Жомарт Тоқаев көп уақытын бұқаралық кездесуге, ашық-жарқын пікір алмасуға, елдің жағдайымен жақыннан танысуга арнал жүр.

Президенттің улықтау ресімінен кейін арада екі апта етер-өтпес Арыс қаласында төтенше жағдай орын алғаны белгілі. Алат бүкіл халықтың қабыргасын қайыстырып, ондаған мың адам баспанасынан айрылып, эвакуациялық бекеттерді панарап жатқан қызын сөтте Қ.Токәев елпордада отыра алмады. Дерен Шымкентке ұшып келіп, эвакуациялық бекетте халықтың жағдайын сұрап, қамкөніл елге басу айтты. Жарылыш кезінде жаракат алғандарды іздел ауруханага барды, әлі қауіптің беті қайтпағанына қарамастан аспаннан снаряд жауып түрған, отқа оранған Арыс қаласына барып, жағдайды өз көзімен көрді.

Қызын шақта сүйеніш бола білген Президентке тек арыстықтарға наға емес, бүкіл Қазақ елі дән риза болды. Көпшілік «Тоқаев Арысқа жаңадан сайланған, он-солын өнді танып келе жатқан Президент ретінде барып, нағыз халықтың көшбасшы ретінде оралды» деп пікір билдіріп жатты. Бүгінде Президент Қ.Тоқаевтың Арыс қаласының тұргындарына берген үедесі орындалды. Қаланы қалпына келтіру жұмыстары толық аяқталуға жақын. Билік ешкімді қызын жағдайда қалдырымауга күш салып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тағы бір көлелі, жүйелі, сөз етуге тұраярық ісі – қарыздың курсауында қалған көп балалы отбасыларға женілдік жасаганы. Яғни несиесін төлей алмай жүрген бес жұз мындан астам қазақстандықтың қарызына Президент Жарлығымен кешірім жасалды. Бул шын мәнінде ешкім күтпеген женілдік еді. Банк алдындағы берешегін етей алмай жүрген мындаған адам бір күнде мойындарындағы қарыздарының қамытын шешіп, бір женілдеп қалды. Осы азаматтардың әрқайсысының 300 мың тәнгелік борыштық жүктемесі етеді. Бул бір реттік іс-шара болғанымен, билік халықтың беталды қарызға батуының алдын алу мақсатында басқа да шешімдер қабылдан жатыр. Қазір тұтынушылық несие берудің талаптарын күшітту, несие берудің шарттарын тұтынушының ынғайына қарай женілдешу мақсатында заң жобалары өзірленуде.

Сондай-ақ, қыркүйек айында Президенттің жастар кадрлық резервіне іріктеу басталды. Бұл бастама білікті әрі білімді жастардың елді дамыту, мемлекетті басқару ісіне белгенді араласуына жол ашудың күнды. Мұнан белек 6 қыркүйекте Президент Қ.Тоқаевтың баста-масымен құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысы етті. Оnda елдеі қордалған проблемалар ашық талқыға салынып, алдағы реформалардың жоспарын құру бойынша жүйелі жұмыс басталды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанды демократия даңғылына қарай бастайтын сенімді әрі төте жолы деп ауыз толтырып айта аламыз. Жалпы, аза-маттық қоғам қалыптастырудың алғышарттары, міне, осындай іс-әрекеттерден бастау алса керек. «Халық үнінен құлақ асатын мемлекетте» – ең басты орында халықтың муддесі тұрады, мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас механизмі қалыптасқан болуы тиіс. Осы «Халық үнінен

кулақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру мемлекеттік органдар үшін қатты қындықтар тудырмайды деген сенімдеміз. Өйткені, қазіргі уақытта барлығымыз дерлік ғаламторды қолданамыз, әлеуметтік жепілерді кең көлемде пайдаланамыз. Мемлекеттік органдар екілдері, басшыларының әлеуметтік жепілерде өз парапхаларын ашып тіркеleп, халықпен ашық диалог құруына ешкім кедергі келтірмейді. «Халықпен тиімді кері байланыс орнату» керектіri жөнінде: «Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұн-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналады» делінген Жолдауда.

Президенттің бұл бастамасына өз үлесін қосу азаматтарға берілген үлкен мүмкіндік болса, шенеуніктер үшін өз біліктіліктерін, көсіпсіліктерін ортаға салатын көз. Яғни жергілікті билік халықтың қунделікті өмірінде орын алған өзекті мәселелерді шешуге етене араласуы қажет. Шымкент қаласы әкімінің айтуынша, Әл-Фараби ауданы әкімінің аппаратына 103 етініш түсінен. Оның ішінде Президент Әкімшілігі арқылы 7 етініш жолданған.

Шаһар басшысы аудан әкімінің аппараты кейде тұрғындардың өтініштеріне тиісті деңгейде назар аудармайтынын атап өтті. Бұдан белек, аудан әкімінің аппараты азаматтармен етене жұмыс істеп, тұрғындар арасында заң талаптарын түсіндіру бағытындағы жұмысты күшейте түсіу қажеттігін жеткізді.

Ресми мәліметтер бойынша 30 мыңнан астам шағым келіп түсken. Эрине, бұл жақсы көрсеткіш емес. Мұндай құрылымның болуы, Президент Экімшілігінің бул мәселеге ерекше қоңыт белуі тиістігін білдіреді. Қордаланып қалған түткілдер, тетеннен келген жағдайлар шуыл шешім қабылдауға міндеттейді. Президенттің үнемі назар аударатыны осы – әр мемлекеттік қызметші, ең алдымен, халықтың мун-мұктахына оқылақасып, оларды дереу шеше білу тиіс.

Және бір айта кетерлігі, Президент жаңынан үлттых қоғамдық кеңес күрьышты. Қоғамдық кеңестің отырыстары аясында қоғамның ең езекті месселелері талқыланып қана қоймай, олафдың бірсынырасы орындалып үлгерді. Халық үнін есту үшін Президент атқарушы билік әкілдеріне әлеуметтік жөлілерді ұтымды пайдалануды ұсынды. Қазіргі таңда әлеуметтік жөлілерде белсенділік жогары. Қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты сараптап қартаң болсақ, ақпараттың үлкен ағыны сол әлеуметтік жөлілер арқылы әтетінін байқауга болады. Дегенмен, сарапшылардың пікірінше, мемлекеттік басқару жүйесінде тубегейлі өзгеріс жасалды деуге әлі өрте. Бір жылда атқарылған жұмыстар алдағы ауқымды реформаға негіз салды. Сондықтан жүйені жаңалықтар күтіп түр.

**Атақожа ИСМАИЛОВ,
зан ғылымдарының кандидаты,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университетінің ага оқытушысы.
Ләззат ОМАРБАЕВА**

Лезсан ОМАР БАДЫР,
ага оқытушы.
Гулсапар ЖАЙЛАУОВА,
«Азаматтық құқық және азаматтық
іс жүргізу» кафедрасының ага оқытушысы.